

47. Алексеев А.Н. Население Казахстана 1920–1990 гг. — Алматы, 1993.
48. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. — Алматы, «Арыс»-«Казахстан», 1998. — 428 с.
49. Баймаханов М.Т. Депортация народов и права человека: политико-правовые проблемы // Материалы семинара. — Алматы, 12 июня 1997. — С. 20–27.
50. Конвест Р. Большой террор // Нева. — 1990. — № 1–10.
51. Медведев Р.О. Сталин и сталинизм: Исторические очерки // Знамя. — 1989. — № 1–4.
52. Баталов Э. Тоталитаризм живой и мертвый // Свободная мысль. — 1994. № 4.; Борисов Ю., Голубев А. Тоталитаризм и отечественная история // Свободная мысль. — 1994. № 4. — С. 110–119.
53. Нурпейсов К. Народ не безмолвствует. — Алматы, 1996. — С. 305.
54. За мир и согласие в нашем общем доме: Материалы первой Ассамблеи народов Казахстана. — Алматы: Казахстан, 1995. — С. 51–52.

ӘОЖ 342.531.113:347.193.4 (574)

Г.С.Елтезерова

Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты

ҚАЗАҚ ШЕНЕУНІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ИМПЕРИЯЛЫҚ БИЛІКТІҢ САЯСАТЫ

В этой статье рассматривается вопрос о политике имперских властей в формировании казахского чиновничества: о категориях чиновников, об изменении социального и качественного состава чиновничества, их численности, карьерном росте и деятельности (XIX в.).

In this article tells the question about the policy of imperial power in forming of Kazakh officials (bureaucrat): about the category of officials, and the changes of social and quality structure of officials, about their numbers, career and activity in 19 the century.

XIX ғасырдың I жартысында шенеуніктік төрт топқа бөлінді. Біріншісі (1-шіден 5-ші класс бойынша) үкіметтік саясат бағытын анықтайтын жоғары бюрократия өкілдерін біріктірді. Оларға жататындар: министрлер, Мемлекеттік кеңес мүшелері, сенаторлар, елшілер, губернаторлар және жауапты қызмет атқаратын басқа адамдар. Оларды сановник деп атады. Олар жоғары мөлшерде ақшалай ақы алды, оған асханалық ақша түрінде (маңызды адам мен бағынышты адамдардың столына өкілдікті шақыру үшін), пәтерлік (немесе қазына пәтерін беру) және сапары т.б. ақша түрінде қосымша ақша қосылды. Сановниктер көптеген жеңілдіктерге ие болды: ел ішінде қызметтік іссапарларда жүрген кезінде олар пошта станцияларында ат ауыстыруды кезексіз жүргізуді талап етуге құқылы болды, түрлі салтанатты жиындарда құрметті орын алды, сонымен қатар театр, ас беру және бал кештерінде де олардың өздеріне және әйелдеріне де тиісті құрмет көрсетілді. Бұл рангадағылар шендері жоғары мемлекеттік марапатқа ие бола алатын еді, сондықтан тек солардың мундирлерін жұлдыздар мен ордендік ленталар әрледі.

Екінші топқа (6–8-ші класс шенеуніктері) атқарушы сипаттағы қызметкерлер енді. Оларға министрлік аппаратта және губерниялық мекемелерде басшылық қызмет жасайтын шенеуніктер жатты. Олардың жалақысы мен қоғамдық мәртебесі лауазымына, қызмет орны мен оның түріне байланысты болды.

Кеңселік және төменгі атқарушы қызметтегі 9–14-ші кластағы шенеуніктер, яғни үшінші топ өкілдеріне қиын соқты. Орталық аппаратта олардың жоғары емес, орташа лауазымдары болды, бірақ уездік басқармада олар жауапты қызмет атқара алуы мүмкін еді. Бірақ олардың да, басқалардың да жалақысы көп емес еді және қосымша кіріссіз оларға қиын күй кешті. Олардың жалақысы қолөнерші немесе жұмысшы жалақысының мөлшерінен аспады. Кіші шенеуніктің арманы 8-ші класты шенге дейін немесе орденге дейін қызмет ету еді, ол оған 1845 жылға дейін әулеттік дворяндыққа құқық берді. Бірақ оған дейін 30–35 жыл ауыр қызмет жолынан өту керек болды. Бірақ ең қиын жағдай Ранг туралы табельден тыс тұрған және хат-қағаз жазумен айналысқан кеңсе қызметшілерінде еді. Олар өздерінің жарытымсыз жалақысына қайыршылық күн кешті. Табельдік шені болмағасын олар іс жүзінде шенеунік қатарына жатқызылған жоқ, бірақ шенеуніктердің көпшілігі өз қызмет жолдарын кеңсе қызметшісі ретінде бастады. Олар тек техникалық жұмыс үшін пайдаланылатын табельден тыс

шенеуніктер, яғни, төртінші топты құрады. Шенеуніктердің сандық құрамының тез өсу жағдайында бұл топ табельдікті толықтыру резерві болды.

XVIII–XIX ғасырларда шенеуніктер құрамына сонымен қатар ғалымдар, суретшілер, сәулетшілер, университет профессорлары, гимназия мұғалімдері және мұражай, мұрағат, кітапхана қызметшілері де енді. Олардың бәрі статтық қызметте тұрып, қазынадан жалақы алды, шендері болды. Шендері кейде жоғары да болды (профессорлар мен академиктер 3–4-ші класты шендерге дейін жетті). Өз қызмет түрі бойынша еркін мамандық иелері өздерін шенеунік деп есептеген жоқ және қызметінде жалпы шенеунік қызметіне тән қатал тәртіптен өзін салыстырмалы түрдегі еркіндікте ұстады.

Шенеуніктің мансабы (карьер) шығу тегіне байланысты маңызды болған көптеген факторларға тәуелді еді. Әулеттік дворянның кезекті деңгейдегі шеніне тез өтуге заңды жеңілдіктері болды, сонымен қатар ол жоғары басшылықтың көз алдындағы қызметтерді алуға мүмкіндік беретін байланысты пайдаланды және шендік сатының төменгі басқышындағы қызметін армиядағы қызықты қызметпен ауыстыру мүмкіндігін пайдаланды. XVIII ғасырда жас шағынан қызметке тіркеліп қою үрдісі кеңінен тарайды. Сондықтан XIX ғасырдың ортасында төменгі шендегі әулеттік дворян 20 % болса, жоғары қызметте олардың үлесі 80–100 % дейін көтерілді.

Сәтті қызметтік өсу сатысының басқа маңызды факторы — білім алу. Университет немесе лицейді бітірісімен, түлек өз мансабын бірден класты шендердің бірін алудан бастады (магистрдің немесе доктордың ғылыми дәрежесі 9-шы немесе 8-ші класс шеніне сәйкес құқық берді). Жоғары және орта білім қызметте тезірек алға жылжуға көмегін тигізді, сондықтан XIX ғасырдың ортасында-ақ жоғарғы шенге жоғары және орта білімі барлар ие болды, ал ол кезде бастауыш білімі бар төменгі кластағы шенеуніктер 80–90 % құрады.

Қызметтік өсудің сәттілігі көп жағдайда шенеуніктердің тырысушылығына, олардың атқарушылығы мен тәртіптілігіне және, әрине, басшылыққа жағу, көңілінен шығу сияқты қабілеттеріне де байланысты еді. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Ресейдің империализм кезеңіне енуімен монополиялар үкіметтік мекемелермен тығыз байланыс орнатты. Монополия өкілдері сауда және өнеркәсіп, жол, қаржы, әскери, теңіз министрліктерінің жекелеген кеңес және жер қатынасы, егін шаруашылығы сатыларының құрамына да енді. «Ерекше кеңестерде» патша шенеуніктері мемлекеттік аппараттың империалистік монополиялармен бірігудің бастапқы кезеңін жүзеге асыра отыра, буржуазия өкілдерімен белсенді ынтымақтасты.

Шенеуніктер төңкеріске дейінгі Ресейде әлеуметтік топ болды, олар азаматтық қызметке келуімен және шенінің бар-жоқтығымен анықталған топ еді.

XIX ғасырдың I жартысында мекемелер саны жедел өсті, олардың штаттары көбейді, іс қағаздарын жүргізу мен хат-хабар алысу көлемі де біршама көтерілді. Соның нәтижесінде ғасырдың ортасында шенеуніктер саны 90 мыңға жетті. XIX ғасырдың соңында шенеуніктер саны 400 мың адамға жетті және олардың тоқтаусыз өсімі қоғамда қауіп туғызды. Олар бюрократия алып күшке айналып, билікті бақылаусыз пайдаланады деп қауіптенді. Шын мәнінде, қоғам өміріндегі шенеуніктердің ролі өсіп жатты. Әлеуметтік өмірдің өзіндегі қиындық шамасы бойынша мемлекет оның түрлі салаларын реттеуді, әлеуметтік тәртіпті қолдауды өз мойнына алды.

XIX ғасырдың ортасынан бастап алғашқы төрт кластағы азаматтық шендері барлардың тізімі жүйелі түрде басып шығарылды. «Рангтер туралы табельде» шығу тегі дворяндыққа жатпайтын адамдар 14-ші класқа өткен соң жеке дворяндық, ал 8-ші класқа өткен соң әулеттік дворяндық алды. Ол шенеуніктердің қызметін ынталандырды және артықшылықтары жоқ таптардан шыққандар үшін алға жылжуға біршама мүмкіндік берді. 1856 жылы 9 желтоқсандағы Заң әулеттік дворяндықты тек 4-шіден (әскерилер үшін 6-шыдан), ал жеке дворяндықты 9-шы кластан алуды анықтады.

«Табель» пайда болған соң титулдау жүйесі қалыптаса бастады, яғни шені бар адамдарға арнайы қарым-қатынас қалыптасты. 1-ші және 2-ші класс шендері «жоғары мәртебелі» титулын алды, 3-ші, 4-ші класс шендері — «мәртебелі», 5-ші класс шені — «жоғары текті», 6–8-ші класс шендері — «жоғары ізгілікті», ал 9–14-ші класс шендері «ізгілікті» титулдарына ие болды.

1905–1907 жылдардағы төңкеріс самодержавиені барлық тап (кейбір орыс емес халықтарды қоспағанда) өкілдеріне мемлекеттік аппаратта қызмет ету құқығын беруге мәжбүрледі. Іс жүзінде таптық кедергі және сауаттылық бақылау кедергісі күшінде бұл құқық жұмысшылар мен шаруаларға қолданылмады. 1903 жылдың өзінде-ақ В.И.Ленин шенеуніктерді «...қарапайым жұмысшы адам ешқашан өте алмайтын...» ну, қалың орманмен теңестірді [1].

XX ғасырдың басында шенеуніктердің әлеуметтік құрамының өзгеруі оның кейбір бөлігінің саяси «сенімділігінде» көрініс берді. 1908 жылы 30 сәуірдегі Сенаттың ерекше анықтамасы

мемлекеттік қызметтің революциялық және оппозициялық қызметімен үйлесімсіздігін бекітті. Жоғарыдағылар 1905–1907 жылдардағы төңкерістен соң да дворяндық-помещиктік бюрократия сипатын және көптеген элементтерін сақтады. В.И.Ленин 1911 жылдың соңында былай жазды: «... бюрократия рекрутируется... из старого, совсем старого, не только дореволюционного (до 1905 г.), но и дореформенного (до 1861г.) поместного и служилого дворянства », «такая бюрократия дает чисто крепостническое, исключительно крепостническое направление и облик буржуазной деятельности» [2]. Сонымен қатар басқару аппаратына қызмет ететін ерекше тап — ресейлік шенеуніктердің тұрақтылығын, орнықтылығын, салыстырмалы біртектілігін айтуға болады. Ресейлік шенеуніктердің қалыптасуындағы маңызды елеулі кезеңді анықтауға болады: петрлік кезең, «Ранг туралы табель», 1802 жылы министрліктердің құрылуы, нәтижесінде ХХ ғасырдың басында кәсіби шенеуніктердің ерекше тобы пайда болған 1860–1870 жылдардағы реформалар. ХІХ ғасырдың ортасына таман шенеуніктің орасан үлкен дамуы болды, жоғары деңгейде азаматтық және әскери қызметті шектеу, қызметке кірердегі материалдық молшылық деңгейі мен отбасылық байланыс мәнінің төмендеуі және осының орнына білім сияқты объективті өлшемнің шығуы болды. Осы кезеңде бұрын дәстүрлі егіншілікті элитаның қолында болған саяси бақылау қызметі көшкен жаңа бюрократиялық элитаның қалыптасуы болды [3].

Шетел тарихнамасында шенеуніктердің бұл тобы ХІХ ғасырдың 60-жылдарындағы реформаға дайындықта маңызды роль атқарған «білімді бюрократия» деген атақ алды. Олардың алдына қойған мақсаты — бірінші кезекте самодержавие сияқты негізгі қаймақтарын сақтай отыра, қоғамды жанарту. Сонымен қатар білім деңгейі, қызмет бойынша алға жылжу қабілеті ғана емес, сонымен бірге дүниетанымдық бағыттары бойынша да ерекшеленген орталық және жергілікті әкімшіліктегі шенеунікті а ажырата білу керек.

ХVIII–ХІХ ғасырларда Қазақстанды интеграциялауға бағытталған патша өкіметінің стратегиялық саясаты тек саяси-әкімшілік реформаларды ғана емес, сонымен қатар ұлттық қоғамдардың дәстүрлі әлеуметтік құрылымына және жаңа әлеуметтік топтың құрылуына ықпал ететін шаралар жиынтығын енгізді. Жаңа аумақтарды интеграциялаудың маңызды құралы жергілікті элиталардың басқару жүйесіне жинақталуы болып табылады. Біріншіден, орыстың қызмет ететін дворяндығы ашық тап болды. Ұлттық элитаның кез келген өкілі қызметке барып, шен алып, орыс истеблишментінде соған сәйкес орын ала алатын еді. ХІХ ғасырдың ІІ жартысында қазақ халқына қатысты дамытылған әлеуметтік және мәдени орыстандыру қызметтік өсу үшін қосымша мүмкіндіктер берді. Қазақ шенеуніктерінің қалыптасуында империялық билікке тән нәрсе — ұлттық сананың психологиялық аспектілерін менсінбеу және тек заңды формаларды есепке қабылдау еді. Бұл саясаттың мақсаты — билікке көнбіс, сенімді, орыс емес халықтардың жаңа және жанартылған элитасын қалыптастыру және Ресей мемлекетінің фискалды қажеттіліктерін толықтыру үшін шаруаларды қалыптастыру.

Патша үкіметі сонымен бір мезгілде билікке тәуелді жергілікті халық өкілдерінің ішінен шенеуніктерді қалыптастыру процесін де бастады. Осыдан көретініміз, патша әкімшілігі жаңадан қалыптасып келе жатқан элитаның артықшылықты жағдайын қамтамасыз етуге бағытталған таптық-құқықтық сипаттағы шаралар жасады. Біріншіден, бұл — орыс емес халықтардың дәстүрлі қоғамына шенеуніктердің қызмет сатысы бойынша біртіндеп алға жылжу механизмі қаланған Петрдің «Ранг туралы табелін» тарату. Табель негізінен үш қызмет түрін қарастырды: әскери, штаттық, сарай маңы (придворный), олардың әрқайсысын 14-класқа бөлді. «Табельге» сәйкес әрбір шенеунік қызметіне байланысты класқа ие болды. Мысалы: коллеждік тіркеуші қызметі — 14-ші класқа, ал коллеждік ассессор 8-ші класқа сәйкес келді. Екіншіден, жергілікті ақсүйек өкілдерінің мемлекеттік қызметке келуі олардың Ресей империясының дворяндық табына кіруіне мүмкіндік берді. Офицер шені бар барлық мемлекеттік қызметкерлер жеке дворяндық құқығын пайдаланды, 8-класс (майор) шені барлар әулеттік дворяндыққа таласуға құқылы болды.

Ресей империясы мемлекеттік қызметі жүйесіне енген аймақтың түркі тілдес халықтарының әлеуметтік билік өкілдері регулярлы (тұрақты) (прапорщик, поручик, капитан, майор, подполковник, полковник және т.б.) және иррегулярлы (зауряд-хорунжий, зауряд-сотник, зауряд-есаул) әскерінің әскери шендеріне сәйкес қызмет атқарды. Мұны мынадан көре аламыз: Орынбор кадет корпусының Азиялық эскадронында ғылым курсы аяқтаған қазақ, башқұрт, татарлар обер-офицер шеніне (капитаннан прапорщикке дейін) тағайындалуға құқығы болды. Осылай, подпоручик 13-класс шеніне сәйкес келді, ал поручик — 12-класс шеніне. Қазақ жігіттерінің негізгі контингенті Орынбор кадет корпусын прапорщик (14-класс) шенімен аяқтады. Бұл оларға жеке дворяндыққа ие болу құқығын

берді және саты бойынша жоғарыға жылжу үшін бастама нүкте болды. Келесі әскери шенге өту төмендегідей өлшем бойынша жүзеге асырылды:

- а) еңбек жылы бойынша;
- б) қызметтегі ерекшелігі үшін;
- в) вакансия (бос орын).

Кадет корпусын прапорщик шенімен аяқтаған Әлмұхамед Сейдалин қызмет сатысымен жақсы көтерілді. Ол 18 жыл қызмет етіп майор шеніне (8-класс) дейін жетті. Ресей империясының бюрократиялық жігіне енудің бір мысалы Салих Биглов мырзаның мемлекеттік қызметі болды. Ол өз қызметін 1837 жылы Орынбор губерниялық кеңсесінде коллеждік тіркеуші (14-класс) шенінен бастады. 9 жыл бойғы мінсіз қызметі арқасында шенеунік сатысымен жоғары көтеріліп, губерниялық хатшыға (12-класс) дейін барды. Қызметте 50 жылдан астам уақыт болып, әулеттік дворяндық алды. 1884 жылы қыркүйекте С.Бигловқа мемлекеттік қазынадан жылына 400 сом көлеміндегі «күшейтілген» зейнетақы тағайындалды [4]. С.Бигловтың ұлдары (Мұхамед-Рахым және Мұхамедияр) әке жолын қуды. Олар заң бойынша біліміне қарамастан, мемлекеттік қызмет атқарудың тиесілі құқықтарын пайдаланды. Олар қызмет сатысымен өсуді әкесіне қарағанда тез жасады. Солай, Биглов Мұхамед-Рахым Салихұлы үш жылдың ішінде губерниялық хатшы шеніне жетті [5].

Еникеев Темір-Болат Сүлейменұлы Торғай облыстық басқармасында 18 жыл қызмет етіп сарай маңы кеңесшісі шенін алды, ол «Табель» бойынша 7-класқа сәйкес еді және әулеттік дворяндық құқығын алды [6].

Мемлекеттік аппаратты қайта құруға байланысты шенеуніктердің сапалық құрамы (білімі, біліктілігі, әлеуметтік тегі, мүліктік жағдайы) мен саны да өзгерді. Әдебиеттерде берілген шенеуніктердің саны жөніндегі мәліметтердің бір-бірінен айырмашылығы — шенеунік деп кімді санайтыны жөніндегі ортақ пікірдің болмауынан. Шенеунік деп тек мемлекеттік қызметтегі және тікелей мемлекеттік басқарумен айналысатындарды ғана емес, сонымен қатар шенеунік деп аталса да, шын мәнінде басқару қызметінде жасамайтындар, мысалы: дәрігер, мал дәрігері, қайырымдылық мекемелерінің қызметкерлері де саналды. Б.Миронов халықтың өсуіне байланысты шенеуніктер санының өзгеруінің жалпыимпериялық бейнесін көрсетті. Солай, XVIII ғасырдың I жартысында бюрократия халыққа қарағанда — 1,5 есе, XIX ғасырдың I жартысында 3,5 есе өсті және тек II Екатерина тұсында шенеуніктер саны халық санының өсіміне пропорционалды көбейді. XIX ғасырдың II жартысында халық саны бюрократияға қарағанда 1,1–1,4 есе тез өсті. XX ғасырдың басында шенеуніктер саны қайтадан халық санына қарағанда 1,3 есе тез өсті [7].

Негізінен қазақ қызметкерлерінің 58,3 %-ы оқу қызметімен айналысты. Бұл болыс және ауылдарда орыс-қазақ мектептерінің ашылуымен байланысты еді. Солайша, өлкедегі мектеп ісін жақсы жолға қою, орыс сауаттылығын кеңінен тарату және қазақтарда аты шыққан, «бірақ орыстардың көзқарасынша зиянды» мектеп пен медреселерді ығыстыру, қарсы қою үшін Орынбор оқу аймағы қамқоршысы В.В.Катаринский 1891 жылы Көшпелі ауыл мектептерін ашу туралы ережені жасады. Бұл мектептердің құрылымы қазақтардың тұрмыс жағдайына сәйкес келіп, көшу үшін қолайлы болу керек еді. Олар мұсылман мектептеріне ұқсас, жазда қарапайым кибиткеде орналасып, ауылмен бірге көшіп-қонып, қазақ халқының көшпелі өміріне үйренген және ең бастысы — қаражатты аз талап ететін болуы керек болды. Солай, 25 оқушысы бар әрбір болыс мектебіне жылына 2000-нан 2300 сомға дейін қаражат жұмсалды, ал 30–50 оқушысы бар 2 класты училищеге жылына 4000-ға дейін қаржы жұмсалды.

Ауыл мектептеріндегі оқу жылы қыстау (қазан-сәуір) және жайлау (мамыр-қыркүйек) уақытына ыңғайланып құрылды. Оқу курсы бір класты болыс мектебінің 1-ші және 2-ші бөлімшесіне сәйкес келді [8]. Торғай облысының халық училищелері инспекторы А.Васильев (1861–1943) былай деді: «Каждый ордынец с охотою воспользуется возможностью дать своему сыну знания и грамоту и другие полезные сведения, если только это не сопряжено с удалением сына из семьи и с переменою привычных для мальчика условий жизни» [9]. Шын мәнінде де, XIX ғасырдың соңынан бастап енді болыс мектептері ашылған жоқ, ал ауылдық көшпелі мектептердің ашылу процесі белсенді басталды.

Солай, Ақтөбе уезі бастығы Тілеу Сейдалин 1892 жылы 31 қарашада Бестамақ болысында № 5 ауыл старшыны Т.Қашалиннің қыстағы жанынан ауыл мектебінің ашылғанын баяндады. Оның мұғалімі Ақтөбедегі 2 класты орыс-қазақ мектебі түлегі Оразбай Қалтынов болды [10]. Бір жылдан соң ауыл мектептері ашылды: Теректі болысындағы бұрынғы болыс Ибрагим Исанов ауылында (Ақтөбеден 100 шақырым жерде); Ойсылқара болысындағы № 3 және № 4 ауылдарда, ол Қайыптөре Асанов пен Қалмағамбет Шортановтың қыстағы жанында (Орск-Теректі трактіне жақын, Ақтөбеден

120–130 шақырым); Ақтөбе болысындағы тарихта Арынғазиевтікі деп қалған заурыд-хорунжий, сұлтан Хұсайын Арынғазиевтің қыстағы жанындағы № 2 ауылындағы мектеп. Дәл осы мектепте 1895 жылы белгілі ғалым-лингвист, Орынбор мұғалімдер мектебінің түлегі Ахмет Байтұрсынов өзінің педагогикалық қызметін бастады. Бөрлі болысындағы Бекеш Дүйсембаевтың қыстағы жанындағы № 5 ауылда, Қаратоғай болысындағы Елжан Тастеміров қыстағы жанындағы № 2 ауылда (Ақтөбеден 120 шақырым) мектептер ашылды. Бұл мектептің мұғалімі Орынбор мұғалімдер мектебінің түлегі Иманғали Мендіханов болды.

1893 жылы Ақтөбе уезінде барлығы 6 ауылдық мектеп ашылды [11].

1894 жылдың 1 қыркүйегіне тағы 7 ауылдық мектептер ашылды, олар: Ақтөбе болысындағы № 2 ауылда (болыс Есентай Қосубаевтың қыстағы, онда И.Мендіханов мұғалім болып тағайындалды), Ақтөбе болысының № 4 ауылында (Женебай Яхчин қыстағы); Қобда болысының № 3 ауылы (Жұмабай Тұрымов қыстағы) және № 4 ауылында (Тоқмағамбет Жантейісов қыстағы), № 10 ауылында (Бекмағамбет Бекбауов қыстағы); Аралтөбе болысындағы № 1 ауылында (уезд бастығының кіші көмекшісі Д.Беркімбаевтың қыстағы, онда Орынбор мұғалімдер мектебі түлегі Беркалиев мұғалім болды) [12].

Көріп отырғанымыздай, ауыл мектептері қазақ халқы арасында сұранысқа ие болды. Егер 1892 жылы Торғай облысында барлығы 4 ауылдық мектеп болса, ал 1898 жылы 63-ке жетті, онда 892 оқушы оқыды, осылай әрбір мектепке 14 оқушыдан келді [13].

Сонымен бір мезгілде лауазымды адамдардың ерекшелігіне сәйкес ынталандыруға бағытталған шаралар қабылданды. Оған материалдық (жоғары мәртебеліден сыйлық, алтын және күміс қарумен марапаттау) және ақшалай марапат (бір жолғы ақшалай сый) жатады; моральдық — ең абыройлы ордендер мен медальдарға немесе жаңа шенге ұсыну; салықтан босату; жоғары алғыс тағайындау және т.б.

Жергілікті ақсүйек өкілдерін Ресей империясының жеңілдікті таптық құрылымы құрамына қабылдау куәсі оларды «Ранг туралы табель» класына теңестірілген ордендермен марапаттау болып табылады. Жоғарғы ордендер — 1–3-класты шендерге, 2-ші дәрежелі Владимир ордені, 1-ші дәрежелі Анна ордені — 4-кластан төмен емес шенге, ал 1-ші дәрежелі Станислав ордені және 3-ші дәрежелі Владимир ордені 6 класты шенге берілді. Аймақтың жергілікті ақсүйектерінің көптеген өкілдері әулие Станислав орденімен марапатталды, ол әулеттік дворяндық алуға жол ашты, ал 3-ші дәрежелі Анна орденімен марапаттау жеке дворяндық алу құқығын берді.

Халық ағарту ісі саласындағы патша үкіметінің саясатын зерделей отыра, XIX–XX ғасырлар басындағы қазақ қоғамының рухани үндестігінің стратегиялық жоспарында ағарту ісі саласы отарлау тактикасының басты аспектісінің бірі болды деп айтуға болады, өйткені әсер етудің саяси, экономикалық рычагтарының әсері аз болып шықты.

XVIII ғ. – XIX ғ. I жартысы. Шенеуніктіктің сандық өсімі бұл Ресей империясы аумағын кеңейтумен байланысты, жалпы ресейлік заңдылық дамуына із қалдырған жаңа бюрократиялық элитаның қалыптасуы. Бұл кезеңнің 1-ші сатысына (XVIII ғ.) қазақ ақсүйектері өкілдерімен (хан, сұлтан) ынтымақтастықты орнату тән, сонымен қатар ру ақсүйектерінің (старшындар) ықпалды өкілдерімен де. Ресейлік әкімшілік үшін көшпелі мәдениет өкілдерімен ынтымақтастық желісін құру қиынға соқты. Көшпелі мәдениет өкілдерінің өмірі, тұрмыс-тіршілігі отырықшыларға қарағанда біршама басқа және қазақ қоғамы өмірінде ру старшындары ролі шешуші болған рулық құрылым дәстүрлерімен анықталды. Патша саясатының ендігі басымдық бағыты дәстүрлі құрылымды біртіндеп құлату және патша мен оның әулетіне қатысты «сенімді», көнбіс, жаңа немесе жанартылған әлеуметтік тапты қалыптастыру еді. Патша саясатының осы бағытының себептерінің бірі империя шабуылдық саясатының қарсыластық жетекшілері болып жергілікті қоғамның әлеуметтік жоғарғылары, көбінесе қауымдық жер иелену күшінде қатардағы көшпелілермен тығыз байланыстағы старшындар мен сұлтандардың болу фактісі еді. Сондықтан империялық саясат үшін маңыздысы биліктің дәстүрлі құрылымын бұзу (Қазақстанда хандық институтты тарату, басқарудың жаңа институттарын, әсіресе дистанциялық старшындарды, камқоршыларды т.б. енгізу) және аймақта өз билігін жүзеге асыру үшін әлеуметтік тірек құру еді. XIX ғасырдың I жартысында әкімшілік реформа барысында қазақ даласында «сенімді, адал» ауыл старшындары, болыстары, дистанциялық бастықтар және аға сұлтандар арқылы әкімшілік-басқару жүйесі құрылды. Осы саясаттың салдары: жаңа әлеуметтік таптардың (дворяндық, көпестік) пайда болуы және қоғамның жіктелуі, мемлекеттік қызметтегі орыс емес халық өкілдерінің империяның таптық-бюрократиялық жүйесіне енуі еді. Жаңа элитаға патша саясатының сенімді серіктесі мен жол көрсетушісі болған қазақ шенеуніктері де қосылды. Әрине, бұл әзірше саусақпен санарлық еді, бірақ біз үшін ең

маңыздысы: XIX ғасырдың I жартысының өзінде-ақ қазақ халқын басқару органдарында әскери училищелер түлектері, алғашқы қазақ шенеуніктерінің пайда болу фактісі еді.

XIX ғ. II ж. – XX ғ. басы. Шаруашылықты босату, индустрияландыру, білім беруді дамыту халықтың әлеуметтік құрылымын дамытудың жаңа динамикасын келтірді. Әсіресе әлеуметтік құрылымның өзгерісінен, жаңа әлеуметтік таптың қалыптасуынан XIX ғасырдың II жартысынан бастап 1916 жылға дейінгі Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың тоқтау себептерінің бірін көруге болады.

Жергілікті қоғамдардың әлеуметтік құрылым эволюциясы процестері баяу қарқынмен дамыды және бірыңғай институттар мен билік құрылымдарды енгізу қарқынына байланысты еді. Саясаттың бұл бағыты келесідей аспектермен жүргізілді: жалпы империялық заңдарды, жергілікті басқарудың бірдей жүйесін енгізу; іс-қағаздарын жүргізуге және оқытуға негізгі тіл ретінде орыс тілін біртіндеп енгіздіру. Солай ғасырлар бойғы көшпелі қазақ қоғамындағы әлеуметтік нормалар ұсақ азаматтық және қылмыстық істерді қарастыруға арналған бірінші инстанция болып табылатын орыс емес аймақтарда жергілікті соттардың тәжірибесі жөніндегі заңға интеграцияланды. XIX ғасырдың 60–90-жылдарында әкімшілік реформалар билердің «халықтық соттары» шаруашылық болыс соттары туралы жалпы империялық заңдарды сәйкестікке келтірді. Түрлі құқықтық нормалардың болуы және жалпы империялық заңдарға дағдылы құқықты инкорпорациялау төменгі деңгейдегі «империялық азаматтылықты» қалыптастыру мүмкіндігін туғызғанын айта кету керек. Сонымен қатар Ресей империясында империя аймақтарының әкімшілік құрылымдарында біршама айырмашылықтар болғанын айту қажет. Себептерінің бірі, әрине, шет аймақтарды басқарудың біртұтас саясатының болмауы, сонымен қатар мамандарды іріктеудің жүйелі саясатының жоқтығы. Ұлттық шеткері аймақтарды басқару орыс емес халықтарға қатысты, соның ішінде қазақтарға қатысты, үкіметтік курсты жасау сияқты мәселемен байланысты. Қабылданатын шаралар мен заңдардың арасында біршама қайшылық, түрлі мәдениеттер арасындағы өзара түсіністіктің болмауы, тиісті қаржыландырудың жоқтығы және т.б. жағдайлар орын алды.

Әдебиеттер тізімі

1. Ленин В.И. К деревенской бедноте. — Полное собрание сочинений. — Т. 7. — С. 137.
2. Ленин В.И. Старое и новое. — Полное собрание сочинений. — Т. 21. — С. 58.
3. Большакова О.В. Российская империя: система управления. Современная зарубежная историография: Аналит. обзор. — М.: Новое обозрение, 2003. — С. 10, 11.
4. ҚР ОМА. — 25-к. — 2-т. — 116-іс; 5-т. — 245-іс. — 128-п.
5. Миронов Б. Социальная история России периода империи (XVIII – начала XX в.): В 2-т. — СПб.: Наука, 2003. — Т. 2. — 201 с.
6. ҚР ОМА. — 25-к. — 1-т. — 3804-іс — 2-п.
7. Васильев А.В. Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние. — Оренбург: Изд-во Тургайского обл. статкомитета, 1896. — С. 79.
8. ҚР ОМА. — 25-к. — 1-т. — 3804-іс. — 66-п.
9. ҚР ОМА. — 25-к. — 1-т. — 3804-іс. — 63-п.
10. ҚР ОМА. — 25-к. — 1-т. — 3804-іс. — 69-п.
11. ҚР ОМА. — 25-к. — 1-т. — 3804-іс. — 221-п.
12. ҚР ОМА. — 25-к. — 5-т. — 245-іс. — 186-п.
13. ҚР ОМА. — 25-к. — 5-т. — 245-іс. — 186-п.